

ЕСКІ ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

4-БЕТ | САРАПТАМА



БЕТБҰРЫСТАРҒА ТОЛЫ ЖЫЛ

5-БЕТ | ШАРТАРАП

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Биыл бір ел болып «Жұмысшы мамандықтары жылын» атап өттік. Жыл бойы еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсеттік. Осы жақсы дәстүр алдағы уақытта да жалғасын табады. Биыл елімізде 335,6 миллион ағаш егілді. Расында, осы бірегей жоба халықтық сипатқа ие болды, еліміздің болмысын, сана-сезімін өзгертуге зор ықпал етті. Мен өзім осы жалпыұлттық қозғалысқа ерекше мән беріп отырмын. Таза болу дегеніміз – өте терең, маңызды ұғым. Бұл – ең алдымен, көшелеріміз, үйлеріміз, пәтеріміз таза болуы керек деген сөз. Ниетіміз де әрқашан таза болуы қажет. Кең даламызда жасыл желек, ағаш көп өсуі керек. Түптеп келгенде, тазалық ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Жалпы осы жыл Қазақстан үшін нағыз өрлеу жылы болды деп айтсақ артық болмайды.

№154
(4898)
Сейсенбі
30 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




Жаңа жыл қарсаңында сән-салтанатымен бой көтерген шыршалар елорданың көркін ашып тұр. Бүгінгі таңда Астананың барлық аумағында түрлі түсті отымен жарқыраған шыршалар қала тұрғындарының көңіл көтеріп, демалатын сүйікті орындарына айналған. Әсіресе Қазақ елі алаңындағы, «Астана Арена» стадионы алдындағы, «Хан Шатыр», «Абу-Даби Плаза», ЭКСПО алаңы және қалалық саябақтардағы шыршалар мен сырғанақтарда күн сайын мыңдаған адам жаңа жылдық мерекенің қызығына кенеліп жүр.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ

Қазақстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2026 жылы елімізде зейнетақы мен жәрдемақы қанша пайызға өсетінін жариялады.

2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық банк айқындайтын болжамды инфляция деңгейіне сай мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрі, базалық және ынтымақты зейнетақылар 10 пайызға ұлғайтылады. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап 5 жыл бойы ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін, ал ең жоғары мөлшерін 120 пайызына дейін кезең-кезеңімен жыл сайын арттыру жүзеге асырылып келеді. Осылайша, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 35596 теңгені (күнкөріс деңгейінің 70%-ы) құрайды. Ал ең жоғары мөлшері күнкөріс деңгейінің 110%-ынан 118%-ына дейін өсіп, 60005 теңгеге жетеді.



АСТАНАДА 31 ЖЕЛТОҚСАННАН 1 ҚАҢТАРҒА ҚАРАҒАН ТҮНІ САҒАТ 00:00-ДЕ БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ЖӘНЕ «АТЫРАУ» КӨПІРІНЕ ІРГЕЛЕС АУМАҚТА ДЕМЕУШІЛІК ҚАРАЖАТ ЕСЕБІНЕН МЕРЕКЕЛІК ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ОТШАШУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өтіп бара жатқан жыл қала тіршілігіндегі маңызды оқиғалармен, жүйелі жұмыстармен және айтулы жетістіктермен ерекшеленді. Біз бірлесе отырып, Астананы өмір сүруге қолайлы, заманауи әрі әрбір азаматқа жайлы қалаға айналдыру жолында еңбектеніп келеміз.

Қаланың дамуына белсенді араласып, бастамашылдық білдірген, сол сияқты елорда тағдырына жанашырлық танытқан астаналықтарға ризашылығымды білдіремін.

2026 жыл – жаңа мүмкіндіктер мен жаңа мақсаттар жылы. Біз инфрақұрылымды одан әрі жетілдіріп, әлеуметтік саланы дамытуға, кәсіпкерлік пен жастардың бастамаларын қолдауға назар аударамыз. Әрбір тұрғын Астанада өзін сенімді әрі қауіпсіз сезінуі үшін жүйелі жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз.

Жаңа жыл әрбір шаңырақта қуаныш, береке мен татулық әкелсін! Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық және армандарыңыздың орындалуын тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

№154 (4898) 30/12/2025 Сейсенбі



ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ұлттық энергетикалық жүйенің орнықтылығына арналған отырысы өтті.

Жиында Энергетика министрі Ерлан Аққенженов ,Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов және бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары баяндама жасады.

Президент энергетикалық қауіпсіздік еліміздің тәуелсіздігі мен экономикалық орнықтылығын қамтамасыз ететінін атап өтті.

Бүгінде Қазақстанның электр қуатын өндіруге қажетті ресурстары жеткілікті. Дегенмен сұраныстың ұдайы артуы қуат көздерін ұтымды әрі оңтайлы пайдалануды талап етеді.

Кеңесте отандық электр қуатын қажеттілікке қарай икемдеп өндіру мәселесі қозғалды. Соның ішінде газ генерациясы, энергия сақтау жүйелерін дамыту жоспарларымен қатар гидроэнергетиканың әлеуеті өзекті саналады.

Мемлекет басшысының айтуынша, аграрлық секторға, өнеркәсіп пен экономиканың басқа да салаларына су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу маңызды. Сонымен қатар саланың ғылыми-техникалық және кадрлық жай-күйіне айрықша назар аударылды. Кәсіби кадрларды даярлау гидроэнергетика бағытындағы ғылыми-зерттеу базасын дамыту үшін де керек.

Жиын соңында Үкіметке және өңір әкімдеріне отандық энергетика жүйесінің тұрақтылығына қатысты мәселелерді жан-жақты шешу тапсырылды.

ОЙЫН АВТОМАТТАРЫ РЕТТЕЛЕДІ

Үкімет балаларға арналған ойын автоматтарын заңнамалық тұрғыда реттеуді жоспарлап отыр. Бұл жайында Сенат депутаттарының сауалына Премьер-министр Олжас Бектеновтің жауабында айтылды.

– Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай (Канада, Аустралия, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур), «Кран» сияқты автоматтар «ойын-сауық аппараттары» санатына кіреді және техникалық стандарттардың міндеттілігімен ерекшеленеді. Автоматтар үшін жүлденің құнына, оларды тіркеу тәртібіне қойылатын талаптар бар. Жасырын алгоритмдерді пайдалануға тыйым салынған және жосықсыз механизм үшін жауапкершілік көзделген. Біздің елде «Кран» («Хватай-ка», Crane Machine, Claw Machine, Grabber) сияқты ойын автоматтары азық-түлік дүкендерінде, сауда, ойын-сауық орталықтарында, балалар ойын аймақтарында, саябақтарда және халық көп жиналатын орындарда көп орналастырылғаны рас, – деді Үкімет басшысы.

Үкімет басшысының айтуынша, қолданыстағы заңнамада ақшалай ұтыс көзделмеген ойын автоматтарының құқықтық мәртебесін, оларды орналастыру тәртібін, техникалық талаптарын, жас шектеулерін және бақылау тетіктерін нақты айқындайтын нормалар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазіргі уақытта тиісті мемлекеттік органдар ойын автоматтарының аталған санатын реттейтін заңнамалық түзетулер әзірлеп жатыр. Олар мыналар:

– автоматтарды орналастыру орындары бойынша шектеу енгізу;

– автоматтар мен ондағы жүлделерді міндетті сертификаттау;

– ұтыс ықтималдығына әсер ететін жасырын механизмдерді пайдалануға тыйым салу;

– автоматтарды орналастыру мен пайдалануды реттейтін құзыретті органдарды анықтау;

– тұтынушыларға автоматтардың жұмыс принципі және жүлделердің құны туралы ақпарат беру жөніндегі міндет, сондай-ақ басқа да өзгерістер.

– Осы түзетулер балаларды және ата-аналарды тәуекелдерден қорғауға, ойын-сауық нарығының ашықтығын арттыруға, бизнес пен қоғам мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Үкімет депутаттар корпусымен бірге осы саланы реттеу бойынша жұмысты жалғастырады, – деді Олжас Бектенов.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов елімізде жеке кәсіпкерлердің жаппай жабылатынына қатысты ақпаратты теріске шығарды.

– Қазір көптеген жеке кәсіпкердің жаппай жабылатынына, өзге юрисдикцияға өтетініне қатысты ақпарат мол. Бұл олай емес. Өткен жылдың деректерінен керісінше оң сальдо көріп отырмыз, жаңадан 150 мың бизнес субъектісі қосылды. Мәселен, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы бұл сальдо тіпті 50 мыңнан да аз болды. Яғни қазір керісінше жаңа Салық кодексі енгізілгеннен кейін жеке кәсіпкерлер жабылып жатқан жоқ. Қайта олар көптеп ашылып жатыр. Бұл – статистика, – деді вице-министр Мәжілістің жалпы отырысынан кейін БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында.

Оның атап өтуінше, жеңілдікпен жұмыс істейтін бизнестің бір бөлігі жабылуы мүмкін. Өйткені бір бизнестің жанында оның ҚҚС-ке өтуінен сақтандыратын 2-3 жеке кәсіпкерлік бар.

– Дүкен не қандай да бір нысан иесі жұмысшысының атынан жеке кәсіпкерлік ашады. Бұлай жасау қажет емес еді. Өйткені жеңілдік қағидатын өзгерттік. Демек, бұрындары жеңілдік бойынша ҚҚС шегі 20 мың еселенген АЕК-ке дейін болды және ол ҚҚС төлеушіге айналады. Бұл бизнесті толыққанды жүргізу үшін негізгі кедергі еді. Қазір жеңілдетілген декларация бойынша 2,5 млрд теңгеге дейін ҚҚС төлемейсіз, – деді Ержан Біржанов.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ МЕН 100 ЗАҢ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов осы жылдың соңғы жалпы отырысында Палатаның жұмысын қорытындылады.

– 2025 жыл саяси жағынан да, заңнамалық тұрғыдан да оқиғаларға толы болды. Жыл басында ел дамуының стратегиялық бағытын айқындаған, ауқымды саяси реформалардың негізін қалаған маңызды құжат – Мемлекет басшысының тарихи Жолдауының 3 жылдығы атап өтілді. Айтулы оқиғаға орай біз арнайы бір пленарлық отырыс өткіздік. Жиын қорытындысы бойынша еліміздің барлық азаматын ортақ мақсатымыз – Әділетті Қазақстан құру жолында топтасуға шақыратын қарар қабылданды. Сондай-ақ жыл елдігіміз үшін маңызы зор мерейтойларға толы болды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығын атап өттік. Ол – тәуелсіздік пен құқықтық тәртіптің іргетасына айналған негізгі заңымыз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша депутаттардың бастамашылығымен Конституцияның 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қабылданды. Ол ізгіліктің символына айналды деуге болады. Еліміздегі 17 мыңға жуық сотталған адам осы рақымшылық талаптарына ілікті, – деді Е.Қошанов Мәжілістің жалпы отырысында.

Сонымен қатар ол өткен жыл Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың ерлігін еске алуға арналған ауқымды іс-шаралар болғанын еске салды. Тарихи оқиға бейбіт күннің бағасын терең ұғындырып, сұрапыл соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерен ерлігі мен қайсарлығын тағы да жадымызда жаңғыртты.

– Жұртшылықпен тікелей диалог орнатқан бірегей алаң – Ұлттық құрылтай жиындары жалғасын тапты. Осы орайда Президенттің Бурабайда сөйлеген сөзі бағдарламалық сипатқа ие болды. Ол елдің ішкі саясатын дамытудың стратегиялық бағдарын айқындап берді. 2025 жыл сыртқы саяси белсенділік артып, маңызды халықаралық бастамалар қарқын алған кезеңге айналды. Президент Будапештте өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне, сондай-ақ Қазақстанның әлемдік аренадағы ұстанымын нығайта түсетін басқа да маңызды халықаралық іс-шараларға қатысты. Бұдан бөлек, жыл бойы Мемлекет басшысының стратегиялық маңызды сапарлары мен шетел басшыларының елімізге қарымта сапарлары болды. Президенттің бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығының ашылуы аймақтың стратегиялық маңызы артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл Қазақстанның жаһандық диалогтың белсенді және сенімді қатысушысы ретіндегі рөлін тағы бір нақтылай түсті. Сонымен қатар парламенттік дипломатия да қарқынды дамып жатыр, – деді Мәжіліс төрағасы.

Ерлан Қошанов осы жыл Парламент Мәжілісі үшін де жемісті болғанын атап өтті. Депутаттар Мемлекет басшысының Жолдауларында, сайлауалды бағдарламасында, Ұлттық құрылтайда берген тапсырмалары негізінде бірқатар маңызды заңнамалық актілерді қабылдады. Биыл 100 заң қабылданды, оның 24-іне депутаттар бастамашы болды.



– Еліміздің негізгі құжаттары – Су, Бюджет, Салық, Құрылыс және Цифрлық кодекстер бойынша жұмысты аяқтадық. Олардың әрқайсысы қоғамда қызу талқыланды. Жекелеген нормалар Парламент қабырғасында, сарапшылар қоғамдастығында жан-жақты пікірталас тудырды, тіпті сын да айтылды. Осы істің нәтижесі ретінде елдің ұзақмерзімді мүддесіне қызмет ететін шешімдер қабылданып, Парламенттің ашық әрі тиімді жұмыс істегенін атап өтуге болады. Негізгі кодекстер бойынша жұмысты аяқтап, біз болашақтың іргесін қалайтын заңнамаға көштік. «Жасанды интеллект туралы» жаңа заң қабылданды. Қазақстан Еуропалық Одақтан кейін осы салада жеке, арнайы заңы бар екінші юрисдикцияға айналды, – деді ол.

ПРЕЗИДЕНТТІК РЕФОРМАЛАР – ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

2025 жыл Қазақстан үшін президенттік реформаларды институционалдық тұрғыдан орнықтыру кезеңі болды. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин желідегі парақшасында мәлімдеді.

«Ішкі саясатты жүйелеу, ортақ құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы жұмыс жалғасын тапты. Саланың негізгі қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын жеке құжаттың қабылдануы мемлекеттік саясаттың тиімділігі мен мақсатты сипатын арттыруда маңызды қадамға айналды. Ішкі саяси жұмыс әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар жүргізілді. Сыртқы ахуалдың күрделі болуына қарамастан, экономика тұрақты өсім көрсетті, әлеуметтік, инженерлік және жол инфрақұрылымын қарқынды әрі ауқымды жаңғырту жұмыстары жалғасты. Осы орайда құқықтық тәртіпті нығайту, еңбек құндылықтарын ілгерілету, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру Мемлекет басшысы айқындаған күн тәртібінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Мұндай тәсіл қоғамдық тұрақтылықтың негізін қалыптастырып, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа деген сенімді күшейтеді» делінген жазбада.

Сондай-ақ ол 2025 жылы мемлекеттің ауқымды цифрландыруға және жасанды интеллект технологияларын жаппай енгізуге бағытталған ұзақмерзімді векторын қалыптастыруымен ерекшеленгенін атап өтті.

«Цифрлық трансформация өз алдына бөлек мақсат ретінде емес, экономиканың әртүрлі саласындағы тиімділікті арттырудың, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартудың, елдің жалпы бәсекеге қабілетін күшейтудің жүйелі құралы ретінде қарастырылып отыр. Сонымен қатар 2025 жыл елімізде саяси реформалардың жаңа кезеңінің басталуымен есте қалды. Мемлекет басшысының бірпалаталы парламентке көшу жөніндегі бастамасы саяси институттардың рөлін одан әрі күшейтіп, саяси диалогты дамыту бағытын айқындай түсті» деген Ерлан Қарин.

Оның пайымынша, жалпы алғанда, 2025 жылды жекелеген реформалар мен бағдарламалардан Қазақстанның тұтас әрі үйлесімді даму моделіне сапалы көшу кезеңі ретінде сипаттауға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы елімізді өркендеудің жаңа әрі орнықты күре жолына шығарады.

«Институционалдық өзгерістердің, экономикалық өсімнің және жаңа қоғамдық этиканың үйлесімі мемлекеттің алдағы тұрақты ілгерілеуіне берік негіз қалайды» дейді Мемлекеттік кеңесші.

№154 (4898) 30/12/2025 Сейсенбі

ЖҮРГІЗУШІСІЗ ТАКСИ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Елордада ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, ҚР Көлік министрлігі, Астана қаласының әкімдігі және Yandex Qazaqstan арасында жүргізушісіз таксиді дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Құжатқа қол қою рәсіміне ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, ҚР Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов және Yandex Qazaqstan басшысы Тимур Шәлекенов қатысты. Меморандумға сәйкес, автономды такси жобасы 2026 жылдан бастап кезең-кезеңімен іске асырылмақ. Алдымен нормативтік және технологиялық пысықтау жүргізіліп, кейін қанатқақты режимде тестілеу басталады. Жоба қалалық мобильділікті дамытудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылып отыр. Мамандардың айтуынша, автономды технологиялар жол-көлік оқиғасын азайтуға, көлік қозғалысын тиімді етуге және мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда тараптар заңнамалық базаны жетілдіру, инфрақұрылым талаптарын бағалау және жүргізушісіз көлікті қала кеңістігіне енгізу тетіктерін талқылауға басымдық беріп отыр.

КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия 2025 жылғы жұмысын қорытындылады. Есепті жиында жыл бойы қоғамдық маңызды істерді атқаруға өз үлесін қосқан түрлі сала мамандарын комиссия төрағасы және елорда әкімінің орынбасары Есет Байкен алғыс хаттармен марапаттады.



Іс-шараға мемлекеттік органдар, азаматтық сектор мен БАҚ өкілдері қатысты. Комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан жыл басынан бері атқарылған жұмыстардың ең негізгі бөлігіне тоқталып өтті.

– 2025 жылы комиссия құрамына мемлекеттік сектор, қоғамдық ұйымдар, сараптамалық және кәсіби қауымдастық, әлеуметтік сала, білім беру, денсаулық сақтау және бизнес салаларынан 33 адам мүше болды. Жылдың негізгі бағыттарының бірі – отбасы институтын нығайту мәселесінде мемлекет пен азаматтық сектордың күшін біріктіру. Комиссия жанынан фронт-офис құрылып, оған әртүрлі саланың бейінді сарапшылары кезең-кезеңімен тартылуда. Есепті кезеңде нақты кейстерді талдау, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, практикалық шешімдер әзірлеу мақсатында 12 жұмыс кездесуі өтті. Тұрақты түрде 70-тен астам жедел-профилактикалық іс-шаралар, ведомствоаралық рейдтер мен акциялар, қала тұрғындары мен қонақтарына түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ қала тұрғындарымен адам көп шоғырланған орындарда кездесу ұйымдастырылды. Жасөспірімдер қылмысының алдын алу және балалардың құқығын қорғау шеңберінде білім беру ұйымдарында 3670-тен астам профилактикалық іс-шара өтті. Білім басқармасы, прокуратура, полициямен бірлесіп «Қауіпсіздік сағаты» іс шарасы 63 мектепте ұйымдастырылды. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен жұмыс маңызды бағыттардың бірі болды, – деді Н.Мақжан.

Жыл басында әкелер одағы және аналар кеңесімен бірлескен іс-қимыл жоспары бекітіліп, бүгінгі таңда оң нәтижесін беріп отыр. Халықаралық тәжірибе және серіктестік бойынша 2025 жылы 11 меморандумға қол қойылды.

Комиссияның қазіргі құрамының деңгейін жоғары бағалаған Есет Байкен алдағы жылы да нақтыланған міндеттер аясында жұмыс жалғаса беретінін айтып, осы бағытта барша құрамға сәттілік тіледі.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

Бас қаладағы №96 «Аяла» арнайы балабақшасында Мағжан Жұмабаев халықаралық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Жаңа жыл ғажайыбының қонағында» атты мерекелік кеш өтті.

Шапағат ӘБДІР

Оның аясында балаларға жаңа жылдық сыйлықтар таратылып, ертегі кейіпкерлері, Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен театрландырылған көрініс, интерактивті ойындар, музыкалық нөмірлер, көңілді би қойылымдары, шеңбер бойымен билеу, ән айту сынды қызықты бағдарламалар ұсынылды.



– Біздің балабақша 2021 жылы Астана күніне орай ашылып, содан бері тұрақты түрде қызмет атқарып келеді. Мекеме инклюзивті бағытта жұмыс істейді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған. Мекеме 90 балаға шақталған, бүгінде 76 тәрбиеленуші қамтылған. Балабақшадағы педагогикалық ұжым толықтай арнайы даярлықтан өткен білікті мамандардан құралған. Сонымен қатар мекеме Мағжан Жұмабаев халықаралық жоғары колледжімен 3 жыл бұрын өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Осы уақыт аралығында екі мекеме арасында тығыз әрі нәтижелі әріптестік байланыс орнады. Бұл іс-шара арқылы біз балаларға қамқорлық көрсетіп, олардың жаңа жыл қарсаңындағы көңіл күйін көтеруге барынша мән беріп отырмыз, – дейді балабақша меңгерушісі Гүлдархан Назымханқызы.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Жаңа жыл – өткенді қорытындылап, ұзақ уақытқа жол ашатын, жаңа бастамаларға серпін беретін ерекше кезең. Өтіп бара жатқан жыл маңызды оқиғаларға, бірлескен еңбекке және айтулы жетістіктерге толы болды. Мұның барлығы елорда тұрғындарының еңбегі, белсенділігі мен жанашырлығының арқасында жүзеге асты. Әрқайсыңыз Астананың дамуына өз үлесіңізді қосып, оны заманауи, жайлы әрі шынайы өмірге толы қалаға айналдыруға атсалысып келесіздер.

Алдағы жыл әр шаңыраққа бейбітшілік пен береке, татулық пен тұрақтылық әкелсін. Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, отбасы жылуын, еңбек пен оқуда табыс, алға қойған мақсаттардың жүзеге асуын және ертеңгі күнге деген сенім тілеймін. Әрдайым жанымызда туған-туыстарымыз бен жақындарымыз болып, жүректерімізде сенім, үміт пен оптимизм орнықсын!

Астана алдағы уақытта да дамуын жалғастырып, мүмкіндіктерге толы, жасампаз идеялар тоғысқан, серпінді әрі қонақжай елорда ретіндегі мәртебесін нығайта берсін. Жаңа жыл құтты болсын! Келер жыл игі өзгерістерге, жаңа жеңістер мен жарқын жетістіктерге толы болғай!

Құрметпен,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің атынан келе жатқан Жаңа 2026 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Өткен жыл тарих қойнауына өзіндік жетістігімен өтсе, Жаңа 2026 жылға жаңа үміт артып, болашаққа деген тілегімізбен, арманымызбен, мықты денсаулықпен, өткенге риза болып, нық қадаммен аттанайық! Өтіп бара жатқан жыл баянды аяқталып, алда жаңа үміттер мен игі бастамаларға толы Жаңа жыл есігін айқара ашып тұр. Құрметті ардагерлер, өмір жолыңыз бен даналығыңыз – кейінгі ұрпаққа үлгі, елге – аманат. Жаңа жыл сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке-бірлік, елге тыныштық пен тұрақтылық әкелсін. Әр күндеріңіз қуаныш пен шаттыққа, әр шаңырақ бақыт пен молшылыққа толы болсын!

Ізгі ниетпен,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы
Сансызбай ЕСІЛОВ

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Жаңа 2026 жыл мерекесімен жын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл әр шаңыраққа үміт пен сенім сыйлап, игі бастамаларға жарқын жол ашсын. Алдағы жыл бейбітшілік пен берекенің, тұрақтылық пен өркендеудің жылы болғай. Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, таусылмас қуат, еңбекте табыс пен сәттілік тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, бірлігіміз бекемделе берсін. Әр отбасына ырыс-береке мен бақ-дәулет қонсын!

Игі тілекпен,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Зулфухар ҒАЙЫПОВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Уақытша сақтау қоймасында сауда павильондары, мемлекеттік жерді заңсыз иемденген, әртүрлі иелерге тиесілі гараждар тұр. Меншік иелеріне өздерінің сауда павильондарын **2026 жылғы 25 қаңтарға дейінгі мерзімде** шығару қажеттігі туралы хабарлаймыз. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін шара қолдану құқығын өзімізге қалдырамыз. Меншік құқығын растау үшін 8-701-777-66-04 байланыс телефоны бойынша немесе Алматы ауданы әкімінің аппаратына, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 7 мекенжайдағы 603-кабинетке жұмыс күндері хабарласуларыңызды сұраймыз.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

23.12.2025 №510-5023

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «23» 12
№510-5023 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 ақпандағы №510-1497 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 2 наурыздан 2027 жылғы 2 наурызға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы №510-4774 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 38-жолға «04.02.206 ж. дейінгі» деген әріптер мен сандар «04.02.2063 ж. дейінгі» деген әріптермен және сандармен ауыстырылсын.

реттік нөмірі 45-жолға «05.02.203 ж. дейінгі» деген әріптер мен сандар «05.02.2034 ж. дейінгі» деген әріптермен және сандармен ауыстырылсын.

№154 (4898) 30/12/2025 Сейсенбі

2025: ЕСКІ ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

Бізге қол бұлғап бара жатқан 2025 жыл еліміздің тарихында маңызды саяси оқиғаларға толы болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қабылданған саяси шешімдер мен стратегиялық бастамалар ішкі және сыртқы саясатымыздың бағыт-бағдарын айқындап берді. «Астана ақшамы» газеті биылғы ең маңызды, ең айтулы саяси оқиғаларға шолу жасады.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ – ЖОЛДАУДЫҢ ӨЗЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйекте «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Президент Жолдауда ұлттық экономика мен мемлекеттік институттарды жаңартудың негізгі құралы ретінде цифрлық жетілдіру мен жасанды интеллект технологияларын қолданысқа енгізуге екпін түсірді. Жасанды интеллектті экономикамыздың барлық секторына – өнеркәсіп, қаржы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау мен білім беру салаларына интеграциялауды қадап тапсырды. Бұл бағытта, негізінен, үдерістерді автоматтандыру, ашықтықты арттыру және азаматтардың қажеттіліктеріне бейімделу арқылы мемлекеттік қызмет түрлерін жетілдіруге назар аударылды. Бұл Жолдау еліміздің цифрлық мемлекетке айналуының стратегиялық жол картасын сызып берді. Алдағы уақытта жасанды интеллект технологиялары экономикалық өсімді арттырып, әлеуметтік ахуалымызды жақсартып, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетімізді биікке көтеретіні анық.

«Биылғы Жолдаудың біріктіруші идеясы – цифрландыруды кең көлемде дамыту және жасанды интеллектіні жаппай енгізу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың түрлі саласына цифрландыру мен жасанды интеллект құралдарын жеделдетіп енгізу міндетін жүктеді. Бұл қадамның барлығы жинақтала келіп, Қазақстанның жаңа Ұлттық цифрлық даму стратегиясына бірігеді. Қазақстан жаңа технологияларды дамыту мен енгізуде кешенді әрі жүйелі шешімдер қабылдаған әлемдегі алғашқы елдердің бірі болып отыр. Бұл ретте Қазақстан болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекет атануды көздейді. Осылайша, биылғы Жолдауда цифрлық трансформация мен жасанды интеллектіні енгізу біздің ел үшін жаңа ұлттық идея ретінде айқындалды» деп жазды ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ – ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Ұлттық құрылтайдың 4-жиыны сәуір айында Бурабайда өтті. Басқосуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық, құқықтық-мәдени дамуымыздың негізгі бағыттарын белгілеп берді. Соның ішінде салық реформасы, бірыңғай уақыт белдеуі және елдегі діни ахуал сияқты түйткілді мәселелерді көтерді. Ұзақ уақыт қоғамның талқысында жүрген бірқатар мәселенің шешімін жария етті. Ұлттық құрылтай мүшелері де ел мүддесі үшін маңызды ұсыныстарын ортаға салды. Президент инфрақұрылым жобаларына қатысты мәселелердің шешу жолдарын көрсетті. Мәселен, шағын авиацияны дамытуды алайық. Зайсан, Қатонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында әуежай ашылатыны мәлім болды. Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасау үшін Каспий теңізінің ұлтанымен талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылатыны айтылды. Сондай-ақ Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары іске қосылады.



ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА – ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді.

«Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай өте маңызды мәселені асығыс жүзеге асыруға болмайтынын атап айтты.

«Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет. Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын» дей келе, Президент 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болатынын мәлім етті.

14 қазанда Мемлекет басшысының қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Парламентті реформалау Сенатты таратуға емес, еліміздің саяси жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталғанын еске салды. Мемлекеттік құрылысымыздың «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» басты формуласы өзгеріссіз қалады. Бұл жиында айтылған мәселелердің маңызын ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин былай түсіндірді: «Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның шамамен 40 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болады. Сондай-ақ шамамен 10 Конституциялық заңға және 50 кодекс пен заңға өзгерістер енгізу талап етіледі. Жұмыс тобының міндеті – Парламенттік реформа бойынша ұсыныстар әзірлеу. Сол ұсыныстардың негізінде Конституцияға енгізілетін түзетулер жобасы дайындалып, кейін республикалық референдумға шығарылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, түптеп келгенде, алдағы өзгерістер мен толықтырулардың ауқымы жаңа Конституция қабылдағанмен бірдей».

Мемлекет басшысы жұмыс тобының алғашқы отырысында ел азаматтарының Парламенттік реформаны талқылауға қатысуы маңызды екенін атап өтті. Президенттің тапсырмасы бойынша мемлекеттік e-Otinish платформасында және eGov сервисінде азаматтардың парламенттік жүйені жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын жинау ұйымдастырылады. Олар «Парламенттік реформа» атты арнайы бөлімге ұсыныстарын жолдап, елдің саяси жүйесін жаңғыртуға үлес қоса алады.

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбек культін ілгерілету, жұмысшы мамандықтар мәртебесін арттыру саясатын жүйелі әрі жоспарлы түрде жүргізіп келе жатқанына куә болып отырмыз. Соның бір айқын дәлелі 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Биыл жұмысшы мамандықтарға, еңбек адамдарына ерекше көңіл бөлінді. Соның бір жаңалығы мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан 9 құрметті атақ қосылды. Ондай атақтар ғалымдар мен өнертапқыштарға, инженерлерге, сәулетшілер мен құрылысшыларға, кеншілер мен шахтерлерге, геологтарға, өнеркәсіп, көлік, су және аграрлық сала жұмысшыларына беріледі. Биыл 25 қазан – Республика күні қарсаңында Президент әртүрлі саланың 500-ден астам жұмысшысын, еңбек әулеттерінің 138 өкілін, 200-ден астам ғалымдар мен педагогтарды, медицина қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

ҚОҒАМДАҒЫ ЖАҢА ЭТИКА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың ресми Telegram-арнасы хабарлады. Тұжырымдамалық құжатты әзірлеуге Ұлттық құрылтайдың мүшелері, сарапшылар, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері белсене атсалысты. Аталған құжат бірінші кезекте мемлекеттік органдарға арналған. Оның басты мақсаты – ішкі саясат саласындағы жұмысты жүйелеу әрі үйлестіру. Онда «Заң және тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Түрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» секілді ішкі саясат қағидаттары қамтылған. Сондай-ақ Ұлттық құрылтай отырыстарында көтерілген жалпыұлттық құндылықтардың тізбесі енгізілді. Жалпыұлттық бірегейлікті таныстатын ұлттық нышандар жүйесі жасалды. Құжатта қоғамдық диалог, этносаралық қатынас, дін, мәдени-гуманитарлық, отбасы, жастар, ақпарат секілді ішкі саясаттың басым бағыттары айқындалған. Қабылданған тұжырымдамалық құжат мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыруға негіз болады.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР – ЖАҢА БАСПАЛДАҚ

1 шілдеде елімізде кассациялық соттар жұмысын бастады. Бұл – сот жүйесінің жаңа инстанциясы. Апелляциядан әділдік таппағандардың шағымы 6 ай ішінде қаралады. Әр істің байыбына барып, мән-жайды мұқият бағамдау үшін шағымдар азаматтық, әкімшілік не қылмыстық бағыттың бірінде зерделенеді. Кассациялық соттар Астана қаласында жасақталып, барлық өңірден келген шағымдарды қарайды. Бұл жергілікті заң органдарымен ымыраластыққа жол бермеу үшін жасалып отыр. Бұған дейін азаматтар аппеляция шешімен келіспесе, іс Жоғарғы сотқа өтіп, шағымдардың 25 пайызы ғана қаралған. Ендігі жерде арыз-талап, сот процесі кезінде болған кемшіліктер назардан тыс қалмайды. Кассациялық сот үш бағытта жұмыс істейді. Адам өлтіру, алаяқтық, ұрлық, есірткі айналымы, жемқорлыққа қатысты шағымдар қылмыстық істер жөніндегі бағытта қаралады. Ал еңбек дауы, алимент төлеу, коммуналдық қызметтер, несиеге байланысты шағымдар азаматтық істер бөлімінде зерделенеді. Басқа да даулы мәселелер әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сотта шешіледі. Өткен жазда осы бағыттарда жұмыс істейтін 75 судья іріктелді.

ТҰҢҒЫШ АЭС САЛЫНАДЫ

8 тамызда Алматы облысындағы Үлкен ауылының маңында Қазақстан тарихындағы тұңғыш атом электр станциясы құрылысының салтанатты түрде іске қосылу рәсімі өтті. Бас мердігер – консорциум көшбасшысы таңдаған ресейлік «Росатом». Қараша айында елдегі алғашқы атом электр станциясына үздік атау беру бойынша жалпыхалықтық байқау өтті. Байқау нәтижесі бойынша азаматтардан ең көп ұсынылған «Балқаш» атом электр станциясы» атауы жеңімпаз деп танылды. Таңдалған атау атом электр станцияларын географиялық белгі бойынша атау жөніндегі халықаралық тәжірибеге де сәйкес келеді. Желтоқсанда Үлкен ауылында Қазақстандағы екінші атом станциясының құрылыс ауданын талқылауға арналған жария тыңдау өтті. Іс-шараға ауыл тұрғындары, қоғам қайраткерлері, мәслихат, Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС, «Ядролық физика институты» РМК өкілдері қатысты. Атом энергиясы жөніндегі агенттігі «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС-пен бірлесіп, негізгі жүктеме қуатына энергия қажеттілігін, геологиялық факторларға, электр желілерінің инфрақұрылымына қажеттілікті ескере отырып, екінші АЭС-тің ықтимал орналасу орындарына талдау жүргізілді. Қазіргі уақытта жоспарланған «Балқаш» бірінші атом электр станциясының ауданында инженерлік-іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

АЛАТАУ – ТОЛЫҚ ЦИФРЛАНҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЛА

8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алатау қаласына арнаулы мәртебе беру туралы Жарлыққа қол қойды. «Алатау қаласына даму қарқыны озық қала деген арнаулы мәртебе берілсін» делінген Жарлықта. Құжатта жазылғандай, Alatau City жобасын жүзеге асыруға қытайлық компания тікелей атсалысады. Бұл туралы екі тарап қыркүйек айында Қазақстан Президенті Қытайда болған кезде өзара келіскен. Жаңа қала Қытай шекарасына жақын орналасқан, яғни бұл шаһар Қытай экономикасымен байланыс орнататын хабқа айналмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс деп атап айтты.

«Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шэньчжэнь жаһандық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады. Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру» деді Президент.



АҚШ-тың КЕДЕНДІК ТАРИФ САЯСАТЫ



2025 жылы АҚШ президенті Дональд Трамптың бастамасымен енгізілген жаңа кедендік тарифтер әлемдік саудаға айтарлықтай әсер етті. Сәуір айында жарияланған шешімге сәйкес, АҚШ-тың барлық сауда серіктестеріне 10 пайыздық базалық баж салығы енгізілді. Бұл қадам жаһандық компаниялардың шығындарын арттырып, халықаралық сауда мен еңбек нарығында белгісіздікті күшейтті.

Трамп АҚШ-ты Париж келісімі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан шығарып, босқындарды қабылдауды шектеді, есірткі картельдерін шетелдік террористік ұйымдар деп таныды және сыртқы саясатта қатаң, оқшаулануға бейім бағыт ұстанатынын айқын көрсетті.

ЖАПОНИЯДА – ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ ПРЕМЬЕР



Жапонияның билік басына алғаш рет әйел адам келді. Либерал-демократиялық партияның көшбасшысы Такаити Санаэ елдің премьер-министрі болып сайланды.

Алайда жаңа үкімет басшысының қызметке кіріскеннен кейін Тайвань мәселесіне қатысты жасаған мәлімдемесі Қытай мен Жапония арасындағы дипломатиялық қатынасты шиеленістірді. Такаити Санаэ Жапония қолданыстағы қауіпсіздік заңдарына сәйкес, қажет болған жағдайда ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығын, соның ішінде Тайвань бұғазындағы ықтимал қауіп-қатерлерге жауап беру үшін пайдалана алатынын айтты. Қытай Сыртқы істер министрлігі наразылық білдіріп, Жапонияға ресми түрде қатаң ескерту жасады.

РИМ ПАПАСЫ ФРАНЦИСК ДҮНИЕ САЛДЫ



2025 жылғы 21 сәуірде «халық папасы» атанған Рим папасы Франциск 88 жасында өмірден өтті. Оның орнына Роберт Превост сайланып, Рим-католик шіркеуінің 267-папасы атанды. 69 жастағы жаңа понтифик Лео XIV (Лев XIV) есімімен қызметіне кірісті.

2025: ДАҒДАРЫСТАР МЕН БЕТБҰРЫСТАРҒА ТОЛЫ ЖЫЛ

2025 жылы халықаралық жағдай бірде шиеленісіп, бірде саябырсып, әлемдік ахуал үнемі құбылып отырды. Бұл жағдай жекелеген елдердің тағдырына ғана емес, жаһандық экономикаға, қауіпсіздікке және қарапайым халықтың күнделікті өміріне де айтарлықтай әсер етті. «Астана ақшамы» газеті 2025 жылғы 10 ірі халықаралық оқиғаны назарға алып, дағдарыстар мен бетбұрыстарға толы жылдың әлемдік үдерістері қалай өрбігенін еске салады.

ИЗРАИЛЬ МЕН ИРАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС, ГАЗАДАҒЫ УАҚЫТША ТЫНЫШТЫҚ



2025 жылғы 13 маусымда Израиль мен Иран арасында ауқымды әскери қақтығыс басталды. Израиль Иран аумағындағы бірқатар әскери және ядролық нысандарға әуе соққысын жасады, оған жауап ретінде Иран Израильге жүздеген баллистикалық зымыран мен дрон ұшырды. Шамамен 12 күнге созылған бұл қақтығыс кейін «12 күндік соғыс» деп аталды.

22 маусымда АҚШ-тың B-2 бомбалаушы ұшақтары мен «Томагавк» зымырандары «Түн ортасындағы балға» операциясы аясында Иранның ядролық нысандарына соққы берді. Дональд Трамп бұл шабуыл Иранның ядролық бағдарламасын «толықтай жойды» деп мәлімдеді. Қарулы қақтығыс салдарынан аймақтық жағдай күрт шиеленісіп, тек 24 маусымда күшіне енген бітімнен кейін ғана уақытша саябырсыды.

Ал Израиль мен Палестина арасындағы көпжылдық текетіресте қазан айында ілгерілеу байқалды. 10 қазанда Газа секторында атысты тоқтатудың алғашқы кезеңі іске қосылды. Бұл келісім жағдайды уақытша тұрақтандыруға үміт сыйлады.


ТАИЛАНД ПЕН КАМБОДЖА ШЕКАРАСЫНДАҒЫ УШЫҚҚАН ЖАҒДАЙ

2025 жылдың мамыр айында Таиланд пен Камбоджа шекарасында жағдай қайта ушықты. Қақтығыс кезінде камбоджалық бір әскери қызметкер қаза тауып, кейін екі тарап арасында атыс болып, бейбіт тұрғындар зардап шекті.

Қазан айында өткен АСЕАН саммиті аясында екі ел бірлескен бейбітшілік декларациясына қол қойып, қақтығысты тоқтатуға және шекарадағы тұрақтылықты қалпына келтіруге уағдаласты. Алайда 10 қарашада шекаралық патруль кезінде төрт тай сарбазының минаға түсіп жарақат алуы жағдайды қайта күрделендірді. Тараптар бір-бірін айыптап, шекара маңындағы әскери қақтығыстар жалғаса түсті.



КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ



2025 жылы 28 желтоқсанда АҚШ Президенті Трамп пен Украина Президенті Зеленский Флоридадағы Mar-a-Lagoда кездесті. Бұл кездесу Ресей – Украина арасындағы соғысты тоқтату және бейбіт келісімге қол жеткізу мүмкіндігін талқылау үшін өтті. Тараптар Ресей – Украина соғысын тоқтату жолдарын, бейбіт келіссөздерді жандандыру мүмкіндіктерін және Украина қауіпсіздігіне қатысты негізгі мәселелерді талқылады, бұл кездесу халықаралық қауымдастық тарапынан соғысқа дипломатиялық шешім табуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды.

ГЕНДІК ТЕРАПИЯДАҒЫ СЕРПІЛІС

2025 жылы Ұлыбритания дәрігерлері заманауи гендік ем қолдану арқылы сирек кездесетін тұқым қуалайтын Хантер синдромына шалдыққан үш жасар баланы сәтті емдеді. Сонымен қатар Ұлыбританияның ұлттық денсаулық сақтау қызметі CRISPR генді редакциялау технологиясына негізделген Casgevy терапиясын ресми түрде енгізді. Бұл ем орақ тәрізді жасушалы анемия мен гендік мутациядан туындайтын тұқым қуалайтын қан ауруларын емдеуге арналған.



ГОНКОНГТАҒЫ ІРІ ӨРТ

2025 жылғы 26 қарашада Гонконгтың Тай По ауданындағы Хун Фук Юэн тұрғын үй кешенінде алапат өрт шықты. Сегіз ғимараттың жетеуі толықтай жанып, қаза тапқандар саны 161 адамға жетті. Құрбандардың арасында қызметтік міндетін атқару кезінде қаза болған бір өрт сөндіруші де бар.

Тексеру барысында өрт шыққан ғимараттың сыртқы қабырғасында қолданылған қорғаныш торы мен пластик материалдардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмеуі мүмкін екені анықталды.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҺАНДЫҚ БӘСЕКЕНІҢ ЖАҢА АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



2025 жылы жасанды интеллект саласындағы жаһандық бәсеке күрт күшейді. Ірі технологиялық компаниялар арзан әрі қуатты жасанды интеллект жүйелерін, соның ішінде генеративті модельдерді жедел дамытуға кірісті, бұл үрдіс әлемдік еңбек нарығының құрылымына, көлемі мен географиялық бөлінісіне елеулі ықпал етті.

Ақпан айында Парижде өткен жасанды интеллект жөніндегі іс-қимыл саммитінде 61 ел адамзат пен планетаның игілігі үшін инклюзивті және орнықты жасанды интеллектті дамыту туралы бірлескен мәлімдемені қабылдады.

МЬЯНМАДАҒЫ ЖОЙҚЫН ЖЕР СІЛКІНІСІ

2025 жылдың наурыз айының соңында Мьянманың орталық бөлігінде, Мандалай маңында магнитудасы 7,7 балдық жойқын жер сілкінісі тіркелді. Апат салдарынан 3700-ден астам адам қаза тауып, мыңдаған тұрғын жарақат алды, көптеген ғимараттар мен инфрақұрылым нысандары қирады. Жер сілкінісінің дүмпуі Таиланд, Малайзия және Қытайдың Юньнань аймағына дейін сезілді.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

№154 (4898) 30/12/2025 Сейсенбі

Әңгіміміздің арқауы жақында ғана кенеттен дүние салған Ұлболған апамызға арналады. Ол жастайынан өзінің өмірге деген құштарлығын ана сүтімен, әке қамқорлығымен дарыған тамаша тәрбиесімен, жүріс-тұрысымен, ұшқыр зейінділігімен, табиғат-ана сыйға тартқан көркемдігімен, жібек мінезімен таныта білген. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өзінің белсенділігімен, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қасиеттерімен көзге түсіп, мектеп өміріне белсене араласты. Қоғамдық жұмыстарға бел шеше кірісіп, комсомол комитетінің белді мүшесі болды, оқу озаты атанды. Мектептің мәдени іс-шараларына, спорт сайыстарына қатысты.



ҰМЫТЫЛМАС БЕЙНЕ

Өткен ғасырдың 70-жылдары дәм-тұзы тартып, болашақ өміріне серік іздегендей Шұқыркөл ауылына Жарқын атты жас жігіт келіп, байланыс саласына қызметке орналасады. Содан көп ұзамай талай жігіттің көз айнасы болып жүрген Ұлболған елге келген Жарқынмен танысып, бірін-бірі ұнатып, көңіл қосып, ата-аналарының ризалығын алып, өздерінің болашақ өмірлеріне жол салады. Сол сәттерден басталған Жарқын мен Ұлболғанның ширек ғасырдан астам уақыттағы тұрмыс-тіршілігі сан түрлі қызықты да ғажайып оқиғалармен толығады. Жақсы жора-жолдас тауып, Құдай қосқан құдандалы болады. Ұлы Саят ержетіп отау тігіп, Сексенбаевтар әулетінің ұрпағы жалғасып, қыздары Әлия мен Әнел бойжетіп тұрмысқа шығып, өрісі кеңейеді. Өмірге келген немерелері Айдана, Сәбина, Ару, жиендері Ғабит, Бәйдібек, Тимур, Мәриям, София олардың жарасымды өмірлерін одан әрі байытып, қызық-қуанышқа кенелтеді. Одан әрі олар немереден шөбере көріп, арман-мақсатына жетіп, бақыт құшағына бөленіп, тату-тәтті өмірлері жалғасын табады. Осылайша бақытты, дәулетіне сәулеті сай, армандары ақталған, мақсаттары орындалған, мұраттарына жеткен Жарқын аға мен Ұлболған апамыздың өмірлері, шынымен-ақ, бақыт шаһарына айналған еді.

Ұлболған Тайкенқызының жолдасы Жарқын Сексенбаев та – елге елеулі, халыққа қалаулы азаматтардың бірі. Кезінде Көкшетау, Торғай облыстарында басшылық қызметтер атқарған байланыс саласының ардагері. Ол кісі рухани саланың да жанашыры болып, айтулы азаматтармен бірге даңқты жерлесіміз Еркін Әуелбековтің ескерткішін салуға, оның ғибратты ғұмырын насихаттауға да үлес қосқан. Көкшетау, Қызылжар өңірінің алғашқы толымды тарихын баяндайтын «Ел мен жер» сияқты елеулі кітаптың жарық көруіне, басқа да игілікті істерге демеушілік жасап жүрген абзал азамат. Оның да ата-бабадан естіп, көрген үлгі-өнегесі бар екен. Кезінде ол кісінің әкесі, ел ағасы Кәкім Сексенбаевтың шаңырағында халқымыздың басты тұлғаларының бірі, Қазақстанды басқарған тұңғыш қазақ Жұмабай Шаяхметов (елдің айтуынша, ол кісі Сырымбетте «Қазгородок», қазақ қаласын салуға байланысты барғанда), Сәбит Мұқанов болып, дәм татып, әңгіме-дүкен құрған екен.

Апайымыз үлкенге иіліп, кішіге ізет танытып, шамасы келгенше, қолда барын аямай, ағайын-туғанға, көрші-көлемге, шәкірттеріне де көмегін көрсетіп, қол ұшын бере білді. Ең алдымен, жан жолдасы Жарқынға деген ізгі ниетімен, сырбаз серігін барынша жан-тәнімен күтіп, жамандықтан қорғап, жақсылыққа жолдап, алдына қойған арман-мақсатына жетуіне кеңінен мүмкіндік беріп, жағдайын жасады. Балаларының тәрбиесін, олардың сапалы білім алуын, киім-кешегінің заман ағысына сай, жоғары деңгейде, тамағының тоқ болуына, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіп-өркендеуін басты назарда ұстады, арман-мақсатына жеткізді. Әсіресе, Жарқын ағаның қызмет бабының сайлы болуына өзінің ақ тілеуімен жан-жақты қолдау жасады. Қызмет бабымен Жакең Қазақстанның бірқатар облыстарының байланыс саласында басшы қызметтер атқарды. Шұқыркөл ауылынан басталған еңбек жолы Көкшетау қаласында қалалық байланыс желісінде жалғасты, одан соң облысымыздың жаңадан бой көтерген Ленин аудандық байланыс бөлімінің бастығы болып, кейін Щучье аудандық байланыс желісін басқарып, жетекші қызметтерде тәжірибе жинақтады.


Бұл кісілердің одан кейінгі тыныс-тіршілігі Торғай өңірінде жалғасты. Жакең Торғай, Ақмола облыстарының байланыс саласын басқарса, Ұлболған мектеп қабырғасында әке жолын жалғастырып ұстаздық етті. Ұстаздық жолында мол тәжірибе жинақтап, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берді. Ұстаздың жолы тақтайдай жазық оңай жол емес. Қыр-сыры терең, ауыртпалығы мен жауапкершілігі мол, қиын да күрделі жол. Бірақ «ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші, Ұлболған алға қойған бетінен қайтпай, бойына біткен тума қасиетіне сүйене отырып, ұстаздық қызметтің сан қырлы сынағынан өтті. Көп ізденіп, мұғалімнің биік мәртебесі мен беделі қалай қалыптасу керек екеніне жете көңіл бөлді. Оның алдынан білім, тәрбие алған шәкірттері жоғары оқу орындарына түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап, білікті мамандар атанды. Олардың алды жетекші, басшы қызметтер атқарып, еліміздің экономикасын, әлеуметтік-мәдени салаларын дамытуға салмақты үлес қосуда. Бұл орайда бір білім шаһарында қызмет атқарған тәжірибелі ұстаздар, өзінің үзеңгілес әріптестері де Ұлболғанның бұл жолда биікке көтерілуіне жол ашты. Бірін-бірі толықтырып, демеу болып, білгенімен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Өзінің кәсіптік қызметіне деген құштарлығы мен жауапкершілігі, бойындағы табиғи таланты, әріптестерінің қолдауы Ұлболғанның ұстаздық қызметтің жоғары мәртебесіне ие болуына, беделінің өсуіне лайықты үлес қосты. Ол Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, облыстық білім беру басқармаларының құрмет грамоталарымен марапатталып, «ҚР оқу ісінің үздігі» белгісіне ие болды. Ұстаздардың облыстық салықалы конференцияларына қатысып, өзінің мол тәжірибесімен бөлісті.

Өмірінің соңғы жылдары елордада тұрған Ұлболған апай өз бауырларының да туған елге, туған жерге деген қадір-құрметін арттырып, тұрмыс-тіршілігіне жіті көңіл бөлген екен. Оның тәлімін көрген бірге туған «үміткерлері» тағдырдың жазуымен еліміздің түкпір-түкпірінде: Қарағанды, Жамбыл, Торғай, Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында еңбек етіп, өмір сүріп жатыр. Сол алыс жолға қарамастан, апай жыл сайын әлденеше рет бауырларының басын қосып, ұйымдастырып, Көлбай әулеті мекен еткен киелі жерге, Шұқыркөл деп аталатын ауылға жинайды екен... Ауылға келісімен бауырларының бәрін апамыз үйдің шаруасын реттеуге жұмылдырады. Үй-орманның жан-жағын тазалап, сылап, сырлап, жуып-шайып, айнадай таза етіп жарқыратып қояды. Қысқа әзірлік жұмыстарын жүргізіп, отын-шөп даярлайды. Ұлболған өзі бастап отын кесіп, шалғымен жаяу жүріп шөп шауып, оның бәрін кептіріп үйге жеткізуді ұйымдастырады. Ең бастысы, ата-анасы ізетті немерелерін көріп, солардың қызықты да қуанышты қылығын тамашалап, жас балаша мәз болады екен. Жиырмаға жуық немерелері ауылға жиналғанда, үйге сыймай, қораның төбесіне шығып жататын күндер де өтіпті. Ол сәті түскенде бауырларын ауылдан қалаға көшіріп, үйлі-баранды болуға, жоғары оқу орындарына түсіп, білім алуларына ұдайы көмектесіп отырған екен. Ойлап тұрсаң, ол да бір керемет тағдыр, тамаша дәстүр, есте қалатын өмір тарихы шығар. Ұстаз үшін ең қастерлі нәрсенің бірі – шәкірттерінің де өсіп-өнгені, елге қызмет жасап, абыройлы болғаны. Ол кісінің өзі де айналасына осындай үлгі-өнеге көрсетіп, ақ тілеумен өмірден өтті. Енді, міне, ол ардақты ана, асыл жар, бауырмал әпке, жаны жайсаң әже, ақылшы ұстаз болған, үлкен ортада пейілі кең, мінезі көркем, ісі адал жайсаң жан ретінде ұмытылмас ғажап бейнеге айналып барады...

Үкітай КӨЛБАЕВ,
Тортай СӘДУАҚАС

ҚАЗ ҚАНАТЫНДАҒЫ ҒҰМЫР

Жаңа жылда қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанат Әскербекқызы Аймұхамбет асқаралы алпыс жасқа толады.



Жанат Аймұхамбет 1966 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірінде, ұстаздар отбасында дүниеге келді. Бұл дерек жай өмірбаяндық мәлімет қана емес, оның кейінгі тағдырының кілті секілді. Мұғалімдік пен сөзге адалдық оның бойына ерте сіңді. Абай айтқандай, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» қағидасы Жанаттың ғұмыр жолында нақты іске айналды. Университет қабырғасынан соң ауыл мектебінде бала оқытуы, кейін жоғары оқу орнында дәріс беруі – оның ұстаздық миссиясының үзілмеген желісі.

Жанат Әскербекқызы – Қазақ поэзиясына тәуелсіздік жылдарының басында келген талантты ақындарымыздың бірі. Поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын айқындаған, көркемдік ашылымдар сатысында әдебиет пен өнердің ішкі заңдылықтарын бағындырған, жеке, дара сипаты, стилі қалыптасқан ақын.

Ақынның балауса жырлары жұртшылыққа өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан таныла бастады. Алғашқы өлеңдерімен-ақ өз оқырманы мен әдеби ортаны соны, тың ізденістерімен елең еткізген ақын ұдайы ізденіс пен өсу үстінде. Ақын шығармашылығының бас кезіндегі «Қара гүл», «Еліксезім», «Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді», «Перінің қызы Бекторы», «Қаракөз-бұлақ» т.б. өлеңдері терең мазмұнымен, тамаша тіл кестесімен, сөз бедерімен ерекшеленді.

Ақынның бұл күнде «Қаңтардағы қызыл гүл», «Қаракөз-бұлақ», «Ғарыш билер ғұмырымды», «Көк түріктер әуені», «Қаз қанатындағы ғұмыр», «Айтамғы», «Бұлт болып көшеді өлең», «Қыш тақтадағы сына жазу» секілді жыр жинақтары – оқырман тарапынан жылы қабылданып, әдеби қауымның оң бағасын алған шығармалар. Туындыгер аталған жыр кітаптарында сара сөзбен «өткірдің жүзіндей, кестенің бізіндей» өрнек салып, өткен мен бүгіннің, миф пен қазіргі заманның, яғни көне түркілік болмыс пен оның арғы тегіне зер салады, үндестік табады.

Мұқағали мен Төлегеннің, Жұматай мен Кеңшіліктің, Мұхтар мен Есенғалидің, Фаризаның өлеңдерін рухани азық етіп өскен тұтас бір буын бар екені ақиқат. Алайда уақыт алмасқан сайын өлеңнің де өңі, тынысы өзгере бастады. Жанаттың, Тыныштықбектің, Маралтайдың және тағы басқа жас өрендердің өлеңдері бізді осы ойға жетелейді. Қазіргі қазақы қара өлең – өзінің қара орман тарихымен техтоникалық байланыс тапқан, бастау-бұлағына бет бұрған жыр. Басқаша айтқанда, көне сарынның жаңа болмыспен, сырлы сөзбен жаңғыруы. Ақынның:

Шалкиіз жырау шалған жұрт,
Қазтуғаннан қалған жұрт,
Доспамбеттей қыршын ер,
Соңғы демін алған жұрт,
Ақтамберді толғанып,
Махамбет атой салған жұрт,
Дауға түскен ептінің,
Жауға түскен ептінің,
Таңдайынан түйірілеп,

Сөз асылы тамған жұрт, – деуі осының жарқын куәсі. Қайта өрлеу атты үрдістің түпкі мәні бұл емес. Ақынның құдіреттілігі сырға-сезімді сылдыр еткізер леп табуында, санада сурет салған, тербеліс тудырар сөз құдіретін беруінде.

Жанат Әскербекқызының өлеңдері орыс, түрік, қырғыз, әзербайжан және испан тілдеріне аударылған. «Независимый Казахстан: Антология современной литературы. Поэзия» атты Мәскеуде шығарылған үштомдыққа өлеңдері енген.

Ақын, сонымен қатар әлем әдебиетінің бірқатар жауһарларын ана тілімізге тәржімалап, басқа да қазақ ақындарының аударуында насихатталуына зор еңбек сіңіріп келеді. Айталық, орыс ақындары М.Лермонтовтың, Н.Гумилевтің, армян әдебиеті мен тәжік ақыны Фарзонаның өлеңдерін аударған. Көне жапон ақындарын (Сайгё, Басё бастаған) қазақ тілінде сөйлетіп, «Сакура гүлдегенде» деген атпен жеке жинақ етіп шығарған. Ал 2011 жылғы өзі құрастырған «Еуропа классикалық әдебиеті» атты жинақта Еуропа әдебиетінің Роберт Бернс, Пьер-Жан Беранже, Перси Биши Шелли, Джон Китс, Шандор Петефи, Артур Рембо сынды ақындардың өлеңдері қазақ ақындарының тәржімалануында өз оқырманымен қауышты. А.П.Чехов әңгімелері де қаламгер назарынан тыс қалған жоқ.

Ақын аудармаларының кеңістігі мен уақытын салмақтай отырып, ақынның қаламгер ретінде ұдайы Шығыс пен Батыс руханиятының бесігінде тербелетіндігін, мыңжылдықтардың қатпарында ой қорытатынын, соның нәтижесінде оның төлтума шығармаларының терең мазмұны мен көркем кестесін бағамдағандай боламыз.

Жанат Әскербекқызы – мұғалімдік қызметтің барлық сатыларынан өткен кәсіби біліктілігі жоғары құзыретті маман-ұстаз! Оның қырық жылға жуық педагогикалық қызметінде алдын көрінген шәкірттері қазір өмірдің сан-саласында, педагогикада және ғылымда жүр.

Педагог болу – шәкіртке тек пәндік білім беріп қою ғана емес, оның оқулығын, оқу құралын және оқу-әдістемелік кешенін жасау. Бұл ретте де Жанат Әскербекқызы қазақ әдебиетін оқытуға айтарлықтай үлес қосып келеді. Ол орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған қазақ әдебиеті пәнінің оқулықтарын жазып, кадрлар даярлауға белсене атсалысады. Мәселен, орта мектептің 7,8, 10-11 сыныптарына арналған әдебиет оқулығын (авторлармен бірлесіп) әзірлеген. Сондай-ақ жоғары курс студенттері мен магистранттарға арналған «Миф және қазіргі әдебиет», «Мифопоэтика», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «ХІХ ғасыр қазақ әдебиеті» (бірлескен), «ХХ ғасыр қазақ әдебиеті: 60-90-жылдар», «Тәуелсіздік тудырған романдар», «Әдебиет теориясы», «Структуралық әдебиеттану» (бірлескен), «Қазақ фольклоры» (бірлескен) сынды оқулықтары, оқу құралдары мен әдістемелік еңбектері бар. Педагог-ұстаздың авторлығымен дайындалған бұл басылымдар мектеп пен университет қабырғасындағы әдебиеттің тарихы мен теориясын оқытуда кеңінен пайдаланылады.

Жанат Әскербекқызы – ғалым. Ол мифология мен әдеби-мифопоэтиканың көрнекті маманы. Ж.Аймұхамбет қазақ әдебиеттануында миф пен мифопоэтика саласында маңызды зерттеулер жүргізген алғашқы ғалымдардың бірі және құнды ғылыми тұжырымдар жасай алған маман ретінде бағаланады. Ғалымның «Мифтің поэтикадағы қызметі», «Поэзия және миф», «Миф әлемі және көркем әлем», «Миф. Мифология. Мифопоэтика» зерттеулері – сөзіміздің айғағы. Бұған қоса ол Есенғали Раушанов шығармашылығына арналған «Даңғыл» және «Көркемдік өріс» атты іргелі зерттеулер жүргізді.

Жанат Аймұхамбетова 2000-жылдардан бері көптеген іргелі ғылыми жобаларға қатысып, оның шеңберінде қазақ мәдениеті мен әдебиеті мәселелерін зерттеп келеді. Бұл ретте ғалымның соңғы бес-он жыл көлеміндегі жобалар ауқымын атасақ та жеткілікті. Мысалы, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қазақ мәдениеті тарихындағы орны және ұлттұтастырушылық қызметі», «Жаңа, инновациялық пайымдаудағы М.Әуезовтің ғылыми еңбектері және олардың қазіргі әдебиеттану үшін маңызы», «Түркілердің тарихи-мәдени құндылықтары – қазіргі кезеңдегі қоғамның тұрақты даму ресурсы», «Түркі әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің типологиясы» және «Абай өлеңдерінің поэтикалық тезаурусы» жобалары.


2014 жылы Тәуелсіз рейтинг агенттігі Жанат Әскербекқызын қазақ әдебиеттануында жаңаша көзқарас тудырған, әдебиеттанудың заманауи трендтік бағыттарында жұмыс істейтін ғалым ретінде жоғары бағалап, университет оқытушылары арасынан TOP-30 үздік мұғалімдер қатарына қосты.

Қорытындылай айтқанда, Жанат Әскербекқызы – поэзияда көне рух пен жаңа болмысты тоғыстырған, ғылымда мифопоэтикалық ойлаудың терең арнасын ашқан, ал ұстаздықта ұрпақ санасына сөз киесін дарытқан, ақын-ғалым-ұстаз тұтастығын бір тағдырға сыйдырған жан.

Сәкен ҚАСЕНОВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.


АСТАНАНЫҢ СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Астана қаласының спортшылары халықаралық жарыстарға ең көп баратын ТОП-3 өңірге кіреді. Жыл соңында Elordainfo.kz сайты осы жылдың елордалық үздік спортшыларын назарларыңызға ұсынуды жөн көрді.









1. Ақмарал Ерекешева жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында тарихи алтын медаль жеңіп алды

Маусым айында көркем гимнастикадан жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Болгариядағы әлем чемпионатында Ақмарал Ерекешева 3 жаттығуда сынға түсіп, 2 алтын, 1 күміс медаль иеленеді.

2019 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жаһандық додада бұған дейінгі ең жоғарғы көрсеткіш Эльжана Таниеваға (4-орын) тиесілі болған еді.

Бұдан бөлек, бапкер Меруерт Балғынбаеваның шәкірттері Сингапурдегі Азия чемпионатында топтық жаттығуда чемпион атанды.

2. Санжар Тәшкенбай екі дүркін әлем чемпионы

2025 жылы өткен әлем чемпионаттарының қорытындысы бойынша Астана қаласы 2 алтын жүлдені еншіледі. Қос медаль да боксқа тиесілі.

50 келідегі Санжар Тәшкенбай Ливерпуль (Англия) төрінде қарсылас шақ келтірмей, ел тарихында екі дүркін әлем чемпионы атанған 5 спортшының қатарына кірді.

Аса ауыр салмаққа ауысқан Айбек Оралбай финалдық жекпе-жекте Өзбекстан өкілін жеңгенінің арқасында Қазақстан құрамасы Ливерпульдегі (Англия) әлем чемпионатының жалпы есебінде (68 ел) топ жарды. Сондай-ақ елордалық егіз спортшыларымыздың екеуі де әлем чемпионы атанып, отандық бокс тарихына енді.

3. Шорт-тректен әлем кубогында Богдан Вехов топ жарды

Шорт-тректен жасөспірімдер арасында Астанада алғаш рет өткен әлем кубогының кезеңінде 17 жастағы спортшымыз керемет нәтиже көрсетті.

Ол 1000 және 1500 метр қашықтықта чемпион атанып, тарихи алтын медальді жеңіп алды.

4. Грек-рим күресіндегі жаңа есім

Грек-рим күресінен 72 келіде белдесетін 22 жастағы Мерей Мәулетқанов ел ішінде Қазақстан кубогы мен Қазақстан чемпионатында алтын медальді мойнына тақты. Осы жетістіктерінің арқасында спортшы әлем чемпионаттарына қатысуға мүмкіндік алды.

Қыркүйек айында Мерей Загребте (Хорватия) өткен жаһандық додада жүлдеге бір қадам жетпей, 5-орынға тұрақтады. Әйтсе де ол жарыс жолында әлем чемпионы Али Арслан (Сербия), Токио және Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Парвиз Насибов (Украина) сынды фаворитерді ұтып, сенсация жасады.

Ал қазан айында Нови-Садта (Сербия) ұйымдастырылған 23 жасқа дейінгі әлем чемпионатында қола жүлдегер атанды.

5. Шайбалы хоккейден «Астана» клубының сенсациялық жеңісі

Шайбалы хоккейден Jastar hokei lygasy-ның 2024/2025 жылғы маусымында «Астана» командасы күтпеген жерден топ жарды.

Еліміздегі 13 хоккей клубының қатысуымен өткен Jastar hokei lygasy «Астана» клубы өз тарихында алғаш рет топ жарды. Чемпионатта 7-орын алған елордалықтар плей-оффта бірден мықтыларға тап болды. Олар ширек финалда абсолютті чемпион саналған «Барысты», жартылай финалда былтырғы қола жүлдегер «Торпедо» және финалда тәжірибелі ойыншылардан жасақталған «Ақтөбені» жеңіп кетті. 2020 жылдан бері 1/4 финалдан аса алмаған елордалықтардың бұл көрсеткішін көпшілік күтпегені анық.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

ЖАСТАРЫ ЖАРҚЫН ЕЛОРДА

Жыл басынан бері Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы елорда жастарын қолдау мен дамытуға бағытталған бірқатар ауқымды және маңызды жобаларды іске асырды. Белсенді жастарды біріктіретін, олардың әлеуетін ашатын және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал ететін жарқын іс-шаралар, шабыттандыратын акциялар өткізілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Елордада 481 мыңнан астам жастар тұрады. Биыл бас қалада 4 жаңа жоғары оқу орны, яғни Cardiff University филиалы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты филиалы, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің филиалы, Қ.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университетінің филиалы ашылды.

Қаланың 20 ЖОО-да барлығы 115 мың студент оқиды. Оқу жылының басындағы жағдай бойынша қалада 25 мың төсек-орынға арналған 64 студенттік жатақхана жұмыс істейді. Жүйелі негізде жастарды жұмысқа орналастыру бойынша шаралар жүргізілуде. Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы ресми деректеріне сәйкес NEET санатындағы жастар 28 мың адамды немесе жалпы халықтың 6,2%-ын құрайды.

Жұмыссыздарды, оның ішінде жастарды және азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Астанада биыл 35 бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. «Жасыл ел» жобасы бойынша жазғы кезеңде 5200 жас жұмысқа орналастырылды. «JOLTAP» жобасы аясында жастар 7 цифрлық мамандық бойынша оқытылды, мысалы: SMM, таргет, графикалық дизайн және т.б. жаңа мамандықтар бар. Сонымен бірге тігінші, бариста, бухгалтерлік есеп негіздері және т.б. бойынша 11 жұмысшы мамандығына оқиды.

2025 жылдың соңына дейін жұмысшы мамандықтар бойынша 5300 адам және цифрлық мамандықтардан 2700 адам оқуын аяқтайды деп жоспарлануда. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 100 мыңнан астам адамды қамти отырып, еріктілердің, студенттердің және айналаға бей-жай қарамайтын тұрғындардың қатысуымен ауқымды жұмыс атқарылды.

– Бәрімізді біріктіретін бір мақсат – Астанамызды таза және жайлы ету. Таза Қазақстан – бұл сенбіліктер ғана емес, тілдің, ойдың, ниеттің тазалығы. Сонымен қатар «Заң және тәртіп» қағидаты бойынша есірткі заттары туралы жарнамалық жазуларды бояу бойынша рейдтер үнемі өткізіліп тұрады, белгілі блогерлермен спорттық жаттығулар ұйымдастырылады. Жастар арасында лудоманияның, интернет алаяқтықтың, буллингтің алдын алу бойынша «Жарқын болашақ» жобасы іске асырылуда. Қаржылық сауаттылық бойынша Қаржы мониторингі агенттігімен бірлесіп ауқымды форумдар, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, подкасттар, бейнероликтер түсірілді. «ESIRTKISIZ ELORDA» жобасы нашақорлықтың алдын алуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін табысты іске асыруда. Іс-шаралар форматтары әртүрлі: тренингтер, спорттық турнирлер, шығармашылық конкурстар, подкасттар, ситуациялық сот процестері және т.б. түрінде ұйымдастырылады, – дейді басқарма басшысы Самат Ибраев.

Есірткі сату және есірткі бизнесіне тарту тұрғысынан интернет-кеңістікке тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Есірткі заттарының таралуы үшін әлеуметтік желілер мен маркетплейстерде 12 мыңнан астам бет тексерілді. «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығы қызметінің негізгі бағыттарының бірі – волонтерлік қызмет. Елордада еріктілердің фронт-кеңсе жұмыс істейді. Волонтерлік ұйымдардың жалпы саны – 50, оның ішінде 30 белсенді волонтерлік ұйым және 20 бастамашыл топ бар. Белсенді еріктілер саны – 6000 адам.

– Еріктілер республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысады. Жыл бойына олар Қазақстан құрамасы мен «Астана» ФК футбол матчтары, «Барыс» ХК хоккей матчтары, Дженифер Лопес және Backstreet Boys сияқты әлем жұлдыздарының концерттері сияқты 150-ге жуық халықаралық, республикалық, қалалық деңгейдегі іс-шараларға қатысты. Сондай-ақ әскери-патриоттық бағытта жұмыс істейміз. «Жас сарбаз» жобасы аясында ардагерлермен және батырлармен ерлік сабақтары, фильмдер көрсетілімдері, патриоттық әндер байқаулары және тағы басқа іс-шаралар өткізіледі. Бүгінде елорданың 63 мектебі мен 14 колледжінде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары жұмыс істейді, тәрбиеленушілер саны 3 мыңнан асады, – дейді басқарма басшысы.

Неке және отбасы институтын нығайту үшін «Отбасы – бақыт мекені» жобасы жүргізілуде. Жыл басынан бері жас отбасылар арасында семинар-тренингтер, аспаздық, керамика, спорттық эстафеталар және «Үздік жас отбасы» байқауы өткізілді. Қалада 30 белсенді жастар ұйымы жұмыс істейді, олар қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Жалпы, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша жұмыс оң нәтиже береді, яғни жастардың белсенділігі артып келеді, өзін-өзі дамыту және қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктері кеңейтілуде.

№154 (4898) 30/12/2025 Сейсенбі

ЕЛОРДАДА – ЖАҢА ЖЫЛ

Астана тұрғындары мен қонақтарын Жаңа жыл мерекесіне орай ауқымды концерттік бағдарламалар күтіп тұр. 31 желтоқсан күні елорданың алты ауданында бір мезетте бірнеше алаңда қазақстандық эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік жаңа жылдық концерттер өтеді.



Атап айтқанда, Алматы ауданында – «Жерұйық» саябағында және «Железнодорожный» тұрғын алабында, Нұра ауданында – «Жағалау» сквері және «Үркер» тұрғын алабында, Сарайшық ауданында – «Отау» және «Промышленный» тұрғын алаптарында мерекелік концерттік бағдарламалар сағат 12:00-ден бастап ұйымдастырылады.

Ал Байқоңыр ауданында – «Ататүрік» саябағында және «Өндіріс» тұрғын алабында, Есіл ауданында – «Бағыстан» тұрғын алабында, сондай-ақ Сарыарқа ауданында – «Қорғалжын» саябағында күндізгі жаңа жылдық бағдарламалар сағат 14:00-ден бастап өтеді.

Сонымен қатар, Жаңа жыл қарсаңында 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға дейін қаланың үш нүктесінде түнгі мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. 31 желтоқсан күні сағат 21:00-ден бастап «Қазақ елі» монументінің жанындағы алаңда, EXPO аумағында, сондай-ақ қалалық алаңда (әкімдік алдында) қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаңа жылдық концерттер өтеді.

Аталған іс-шараларға отандық эстрада жұлдыздары Зарина Омарова, Еркеш Хасен, Маржан Арапбаева, Сәкен Майғазиев, Қазыбек Құрайыш, Серік Ибрагимов, Жұбаныш Жексенұлы, Ақбота Керімбекова, «Меломен», «Бәйтерек» топтары және басқа да әртістер қатысады.







ТЕАТР ТАБЫСЫ

Биыл ашылғанына 5 жыл толған Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры Жылан жылын табысты аяқтап отыр. Өнер ұжымы мерейтойлық жылда бірнеше премьера ұсынды. Соның ең сүйектісі, ауқымдысы «Шәкәрім» музыкалық драмасы олжалы болды.

Белгілі жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевтың қаламынан туып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров сахналаған бұл туынды «Адырна» ұлттық порталының әлеуметтік желіде жүргізген сауалнамасының қорытындысында «Ең үздік қойылым» аталымында жеңімпаз атанды. Ал осы спектакльде Ебіней Бөкетовтің бейнесін сомдаған жас актер Ернар Мұхамбет Қазақстан сыншылары бірлестігінің «Үміт» аталымын иеленді.

Ticketon сайты 2025 жылы ең көп билет сатылған 10 спектакльдің тізімін жариялады. Оған Музыкалық жас көрермен театрының 3 қойылымы енді. Бұл – «Гауһартас» музыкалық драмасы (авторы – Дулат Исабеков, қоюшы режиссері – Асхат Маемиров), «Шәмші» мюзиклі (Мәдина Омарова, Асхат Маемиров) және «Қоштасқым келмейді...» музыкалық драмасы (авторы – Александр Володин, қазақшалаған және сахналаған – Асхат Маемиров). Осы көрсеткіш аталмыш өнер ошағына көрермен көп баратынын дәлелдейді.

Бұқаралық спорттың арасында танымалдылыққа ие жүгіруден 2025 жылдың қорытынды жүгірісі ұйымдастырылды. 700-ден астам адам қатысқан іс-шара Триатлон саябағында өтіп, 5 шақырымды құрады.


ЖЫЛДЫ ЖҮГІРІП ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербай қатысушыларға сәттілік тіледі. Осы жылдың көрсеткіші бойынша елордада тұрақты түрде спортпен айналысатын халықтың саны 42%-ды құрайды. Бұл – 670 мыңнан астам адам. Биыл 877 бұқаралық-спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 1 миллионға жуық тұрғын қамтылған.

Жүгіріске жиналған қатысушылардың ең жасы 8-де және ең егдесі 92 жаста болды.


«Бүгін менің туған күнім. 92 жасқа толып жатырмын. Осындай айтулы сәтте Астана қаласының жаңажылдық жүгірісіне қатысуға бел байладым. 5 шақырымды 45 минутта жүгірдім. Бұған дейін Almaty және Turkistan marathon-ында 10 шақырым қашықтықты 1 сағат 40 минутта бағындырған едім. 88 жасымда скандинавиялық жүріске бет бұрдым. Барлық жастарға көлікпен жүруді азайтып, күнделікті кемінде 5 шақырым жүруге кеңес беремін» деді 92 жастағы Салиха Зигангерова.

Іс-шара соңында қатысушыларға ыстық шай мен арнайы жаңажылдық сыйлық беріліп, лотерея арқылы теледидар, тоңазытқыш секілді тұрмыстық техника ойнатылды.



ӨМІР ЖЕЛІДЕН ТАРТҚАНДА...

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында белгілі композитор, танымал пианист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Еркімбековтің «Өмір желі» атты авторлық кеші өтті.



Концерт мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі музыкант Жексембек Еркімбековтің туғанына 95 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Бұл кеште оның композитор ұлының шығармашылығынан концерттік бағдарлама ұсынылды. Атап айтқанда, «Өмір желі», «Гауһар», «Жер-Аспан», «Алтын-арқа», «Анаға арнау», «Шат көңіл», «Vocalise», «Дархан дала», сондай-ақ опералардан үзінділер, халық әндері, ұлттық билер және т.б. орындалды.

Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бекболат Байсағатов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Нұрлан Измаилов, Клара Төленбаева, Бибігүл Жанұзақ, Ерлан Рысқали, Талғат Мұсабаев, Жұпар Ғабдуллина, Медет Шотабаев, Салтанат Ахметова, Париждегі А.Рубинштейн атындағы халықаралық пианистер байқауының лауреаты Нұргүл Нүсіпжанова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Асқар Мұқият, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері Дина Мирманова, Мақсат Медеубек, халықаралық байқаулардың лауреаттары Самат Жексенбаев, Ақбике Алғи, Саджана Мурзалиева, Дильназ Омархан, Ибраһим Амин және Айым Қоғам қатысты.

Сахнада Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі (дирижерлер – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдинов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асқар Дүйсенов), К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің хоры, скрипкашылары мен қобызшылар ансамблі, «Gulder» ансамблінің балеті, «Birlik» би ансамблі, Астана қаласы мектептерінің «Балдәурен» балалар хоры өнер көрсетті.

Газетіміздің келесі саны 2026 жылдың 6 қаңтарында шығады

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі:
«Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 154
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ